

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 538 "2021-2023 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 наурыздағы № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 наурызда № 8182 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 538 "2021-2023 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7939 тіркелген, 2021 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "579 584,0" сандары "605 284,0" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі – "449 289,0" сандары "474 989,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "579 584,0" сандары "668 133,3" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – "0,0" сандары "- 62 849,3" сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – "0,0" сандары "62 849,3" сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – "0,0" сандары "62 849,3" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Ғабдолов

Мұғалжар аудандық
мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2021 жылғы 25 наурыздағы № 23
шешіміне қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 538
шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Қандыағаш қаласының бюджеті

санаты		сыныбы		сомасы (мың теңге)
		кіші сыныбы		
			атауы	
			1. КІРІСТЕР	605 284,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	130 295,0
	01		Табыс салығы	65 674,0
		2	Жеке табыс салығы	65 674,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	64 621,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2 722,0
		3	Жер салығы	3 722,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	58 177,0
4			Трансферттердің түсімдері	474 989,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	474 989,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	474 989,0

функционалдық топ					сомасы (мың теңге)
	кіші функция				
		бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	668 133,3
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	59 775,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	59 775,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	59 775,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	58 359,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 416,0
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	137 257,3
	3			Елді мекендерді көркейту	137 257,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	137 257,3

			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	62 947,3
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	22 450,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	51 860,0
12				Көлік және коммуникация	52 209,0
	1			Автомобиль көлігі	52 209,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	52 209,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	52 209,0
15				Трансферт	418 892,0
	1			Трансферт	418 892,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	418 892,0
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,0
				Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған	

			051	бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	418 891,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 62 849,3
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(62 849,3
08				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	62 849,3
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	62 849,3
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	62 849,3
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	62 849,3